

С.М.Досмахов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Орталық Қазақстанның табиғаты мен әлеуметтік жағдайына байланысты географиялық атаулардың тарихи туындау себептері мен мәні

Мақалада халықтық терминологиялық сөздіктердің көмегімен Орталық Қазақстанның топонимикалық тарихы қарастырылған. Топонимдердің қалыптасуында халықтық географиялық терминдердің маңызы ерекше. Мақалада Орталық Қазақстанның табиғаты мен әлеуметтік жағдайларына байланысты бірқатар географиялық атаулардың туындау себептеріне тарихи-географиялық тұрғыдан сараптама жасалды. Орталық Қазақстан топонимикасының қалыптасуындағы тарихи факторлардың шығу тегіне зор мән берілді.

Кілтті сөздер: табиғат, жайылымдар, орография, гидрография, этимология, ландшафт, бұлақ, көл, құдық, ащы, саумал, тұз, сор, оқушылар, сабақ, тәрбие, география пәні.

Жер бедері ерекшеліктері мен ландшафтарды анықтауда қазақ халқының көшпенді сипаты белгілі жүйеде ықпал етті. Табиғат жағдайларының ерекшеліктерін жетік білген қазақтар жайылымдарға орографиялық, гидрографиялық нысандарға ат қою принципі арқылы географиялық кеңістікті игеруді іске асырды. Қазақ топонимдерінде табиғат жағдайларын бейнелеудің өзіндік дәстүрлі даму заңдылықтары бар екендігі нақты деректер арқылы дәлелденеді. Қазақ халқының көшпелі өмірі, әдет-ғұрпы, мәдени-материалдық ерекше белгілерін айқындататын географиялық атаулар Қазақстанның топонимдер топтамасында айтарлықтай орын алады.

Халықтық географиялық терминдер табиғи ортаның ерекшелігін сипаттайтын түсініктер және атаулармен беріледі. Олар қандайда бір территорияны мекендейтін адамдардың тіршілік ету жағдайлары мен шаруашылық іс-әрекетінің өзіне тән ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Мұндай терминдердің өзіндік үлесі, әсіресе түрік және монғол терминологиясында көптеп кездеседі.

Орталық Қазақстан аймағының топонимиясының қалыптасуында халықтық терминологияның әсері тек қана табиғат жағдайларының ерекшеліктерін ғана көрсетіп қоймай, сонымен бірге көшпелі халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, халықтың болмысын, шаруашылық жүргізу түрлерін де камтиды. Қазақтардың көшпелі өмір сүру жағдайы өзі өмір сүретін аймақтағы табиғат жағдайларының ерекшеліктеріне бақылау жасай отырып, сол жерлерді шаруашылық жүргізудегі маңыздылығын да осы атаулармен сипаттай білген, мысалы: *Сорлы, Көкпекті, Шуақты, Күнгей, Теріскей, Жусалы, Тукөде, Желтау, Шұбарлы, Қарақой, Мильбұлақ, Қараой, Майбұлақ* және т.б. (Ақтоғай ауданы). Қазақтарды өмірдің өзі жайылымдық жерлерді пайдаланудың қыр-сырларымен, сол жердің жер бедері ерекшеліктерінің ұсақ элементтеріне дейін жетік білуі бұл көшіп-қоным жағдайында малдарды ауа райының қолайсыз жағдайларынан қалай қорғау керектігіне бағыт-бағдар жасай білуге үйрете білді.

Топонимдердің қалыптасуында халықтық географиялық терминдердің маңызы ерекше. Олар географиялық атаулардың күрделі құрамдас бөлігі бола отырып, табиғи географиялық жағдайды шын суреттейтін топонимдердің мазмұны мен маңызын толық ашып көрсетуге мүмкіндік жасайды. Ә.М.Мурзаев атап көрсеткендей, «этимологиялық зерттеулерде жергілікті термин — маңызды құрал» демекші, бұл географтарға, тарихшыларға, филологтарға, лингвистерге хабарламалық желі және күрделі міндеттерді шешуге толық көмектеседі [1].

Қазақ топонимдерінде табиғат жағдайларын бейнелеудің өзіндік дәстүрлі заңдылықтары бар. Қазақ географиялық терминологиясында жер бедерін халықтық-ұлттық негізде сипаттау аса көп түрлерге бөлінеді және бір-біріне ұқсамайды.

Орталық Қазақстан аймағы территориясының жер бедері әр түрлілігімен ерекшеленеді, мұнда таулар мен ойпаттар, жазықтармен, еңістермен кезектесіп кездесіп отырады. Аймақтың 28 % топонимі осы атауларға сай келеді. Қарағанды облысының солтүстік-батыс бөлігінің үлкен территориясын алып жатқан жазықты төбелі, биік емес, биіктігі 200–300 м болатын Торғай үстіртінің қиыр-шығыс беткейлері алады. Оның батыс бөлігін биіктігі 150–200 м болатын Торғай өңірі деп аталатын аккумулятивті жазықтығы алады. Аймақтың оңтүстік-батыс бөлігінің аздаған жері 100 м және одан да төмен биіктіктегі Тұран ойпатымен шектеседі. Аймақтың қалған шығыс, орталық бөліктері Сарыарқаға кі-

реді. Ұсақ шоқылы жер бедерімен сипатталатын Сарыарқада салыстырмалы түрде биік тауларды «ұлы», «соран», «қарқара» деп ерекшелейді. Орташа және биік таулардың шыңдары «тас», «шоқы», «қия», «мұрын» сияқты терминдермен белгіленеді, мәселен, *Шаңырақтас, Керегетас, Тастар, Қарақия, Құсмұрын, Қарамұрын, Қарашоқы, Қушоқы, Ақшоқы, Бәйті, Жалғызшоқы, Жетішоқы, Сарышоқы* және т.б. (барлығы Ақтоғай ауданы территориясында).

«Ұлытау» атауының этимологиясы жөнінде мынадай деректер бар: ХХ ғасырдың басындағы орыс зерттеушісі В.И.Масальский еңбектерінде қырғыздардың (қазақ), яғни қазақ даласындағы, барлық таулардан биіктігі асып түсетіндіктен, осылай қойылған деген дерек бар. Дегенмен Ұлытау (биік нүктесі 1133 м) Сарыарқаның батыс бөлігіндегі ең биік тау болғанымен, Қазақстандағы басқа таулы аудандар үшін аласа таулар қатарына жатады. Оның Ұлытау аталуы тарихи, ұлттық топтасуларға сәйкес келсе керек.

«Арқа» терминінің Қазақстандағы ең ірі орографиялық нысаны Сарыарқа атауының құрамында кездесуі, халық бұл жерді ежелден «Арқа» деп атауы зерттеушілер тарапынан қызығушылық тудырған. Құрбанғали Халид Арқа атауының шығу тегі жөнінде былай дейді. «Арқа» деп жануардың мүшесінің үстіңгі бөлігін атайды, сондай-ақ жердің жоғарғы жерін де қазақтар «арқа» деп көрсетіп түсініктемелік сипаттама берген. Шындығында да, «арқа» терминіне қатысты әр түрлі пікірлерді кездестіруге болады. Солтүстік қырғыздар диалектінде арқа «солтүстік» деген мағынаны берсе, оңтүстік қазақтары «ту сыртында тұр», немесе «арқасында тұр», деген тіркеспен алмастыру жиі кездеседі. Монғол тілінде «ар» термині «солтүстік» деген мағынаны білдіреді. Осы деректердің негізінде арқаның «солтүстік жақ» деген ұғымға ие болуын түркі-монғол халықтарындағы оңтүстікке қарап бағдарлаудың салдары деп қорытынды жасауға болады.

Қазақ жерінде ауызекі тілде Арқа деп аталатын Сарыарқа этимологиясы келтірілген деректер негізінде қазақтар мекендеген жердің солтүстігі деп те түсіндіруге болатын сияқты. Өйткені оңтүстіктегі құмдар мен өзен-көлдерді мекендеп, қыстап шыққан қазақтар жазда солтүстікте, яғни Арқада, өткізген. Осы тұрғыдан алғанда «Арқа» терминінің қалыптасуын географиялық бағдарлау, яғни қазақтардың көшу бағдарларына қатысты қарастыру, керек деп қорытынды жасаймыз [2].

Географиялық атаулардың аталу қызметтері бұл адам қоғамының дамуындағы қажетті және маңызды мәселе. Олар бір объектіні келесі бір объектіден айыру үшін және ол орынды нақты көру үшін қажет. Мысалы, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы жекелеген елді мекендер мен таулар, өзендер, жырлар ойыстар, тағы басқалардың өз атаулары бар. (Таулар: *Арқарлы, Қызылқарай, Керегетас, Желтау, Қарақия, Қарақой, Шалбар* және т.б., өзендер: *Тоқырауын, Қусақ, Ақтас, Қарамеңде, Қаратал*). Сондықтан географиялық атаулар географиялық нысананы анықтауда, географиялық заңдылықтарды көрсетуде және оларды салыстыруда бірыңғай түсінік қалыптастыруда кең түрде пайдаланылады.

«Бауыр» сөзінің де географиялық термин ретіндегі мағынасы мал шаруашылығының сипаттама-сымен анықталады. «Желдерден қорғалған бетпен немесе таудың табаны», «желдерден қорғалған тау алды жазығы» ретінде түсіндірілетін бауырларда қазақтар қыс кездерінде боранды күндері мал баққан, тау бауырларын малдарды жаю үшін ықтасын ретінде пайдалана білген және бұл жерлердің жайылымы шүйгінді болу үшін жаз кезінде малдарды жібермеген.

Қазақ географиялық терминологиясында аса үлкен көлемдегі «оба» терминімен байланысты топонимдер тобы кездеседі. Орталық Қазақстан аймағында біз осы терминмен байланысты мынадай: *Тасоба, Бесоба, Қособа, Сарыоба, Обалы, Обаған* және т.б. атаулар кездеседі. Ғ.К.Қонқашбаев оған мынадай анықтама береді. «Оба» — биік жерлерде кейде жазықтықта үйілген көптеген тастардың жиынтығы, яғни *оба* монғол тілінде *овоо, обо*-оларша «қорған биік таулар» және «жазықтарда үйілген тас» деген мағынаны білдіреді дейді.

Қазақ халқының көшпелі өмірі әдет-ғұрпы, мәдени-материалдық жағдайдың ерекше белгілерін айқындайтын географиялық атаулар Қазақстанның топонимдер топтамасында айтарлықтай орын алады. Құрамында үй, үй мүлкіне, киім-кешекке қатысты сөздері бар қазақ орфографиялық терминологиясы ұқсату, тенеу арқылы қалыптасқан. Мұндай атауларға Орталық Қазақстандағы *Керегетас, Сандықтас, Қақпақтас, Босаға, Шаңырақты, Шаңырақтас, Қазанауыз* және т.б. жатқызуға болады. Аумақтағы геотопонимдердің қалыптасуына қазақ халқының көшпенді өмірі, тарихи оқиғалар, табиғи жағдайлары мен әлеуметтік тұрмыс-тіршілік, шаруашылық факторлары тікелей әсер еткені даусыз.

Түркі халықтарының табиғатпен өзара қарым-қатынасын әр түрлі діни сенім-нанымдармен түсініктерде бейнеленген табиғатты құрметтеу, оны пір тұтудан айқын көрінеді. Мұның негізінде таби-

ғатты қорғауға бағытталған іс-шараларға жатқызып байқауға болады. Қазақ халқы ежелгі түркілерден туған жерді, яғни ата-мекенді, құрметтеу дәстүрін еншіледі.

Географиялық нысандарды «қасиетті», «әулие» деп жариялап, ғасырлар бойы қазақ жеріндегі орман қорын, өзен-көлді, таулы аймақтардың табиғи қорларын, ежелгі тарихи-археологиялық ескерткіштерді қорғауға алып, бүлдірмей ұстады, мысалы: Орталық Қазақстанда Ұлытауда *Әулиетау*, Балқаш өңірінде *Бектауата*. Халықтың «ата», «әулие» атын беруі нәтижесінде әсем табиғатты ғасырлар бойы сақтаған.

Жер аттарында кездесетін «мола» сөзі де халықтың жергілікті жердегі табиғат нысандарын қорғауға бағытталған әрекетінің нәтижесі болып табылады. Бұл тұрғыдан Ш.Уәлиханов еңбектерінде көптеп жазылады. Қазақ тұрмысының бұл тілсіз ескерткіштері тарихи тұрғыдан гөрі, географиялық жағынан анағұрлым маңызды. Қазақтардың дәстүрлі мәдениетіндегі аруақтарды құрметтеу, олардың «тыныштығын бұзбау» сияқты сенім-нанымдар негізінде «мола» аталған жерлер қасиетті деп танылған. Сондықтан айналасындағы аумақтан белгілі бір ерекшеліктері арқылы ажыратылатын жерлердің аттарында мәселен, Қарағанды облысы аумағында (*Қумола, Қарамола, Молалы, Қызылмола, Маймақмола* және т.б.), яғни «мола» сөз тіркестері, кездеседі.

Қазақтардың шаруашылығында ең бастысы мал шаруашылығы болғаны белгілі. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар таулы, далалы өңірде қой, жылқы, түйе, сиыр өсірді. Бұл төрт түлік мал жылдың төрт маусымында табиғи жайылымдарда бағылды. Мұның өзі кең өріс-қоныс болуын, шөптің майсалығымен, судың тұнығын таңдап, көшіп-қонуды талап етті. Талай ғасырлық тәжірибеден туындаған олар шаруашылықтың басқару тәсілі жайылымдарды маусымға қарай пайдалану тәртібін қалыптастырды. Тозған жайылым, өрістерді әр мезгіл сайын ауыстыру, әр түрлі мал шаруашылығы түрлерін дамыту қазіргі экологиялық сипат негізінде қалыптасқанын көрсетеді. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылдануға байланысты *қоныс, жайлау, қыстау, күздеу, құдық, қора, қотан, қос, ашық* және т.б. атауларды білдіретін топонимдер пайда болды. Орталық Қазақстан аймағы топонимикасында бірқатар терминдер осы атаулармен байланысты берілген. Тау алды жазықтықтары мен биік жазықтар аттарында «дала» термині жиі кездеседі (*Бетпақдала, Жусандала, Қоңырдала, Ақдала, Кеңдала*). Бұл заңдылықты халықтың тау мен жазықтықтың арасындағы жер бедерінің айырмашылықтарын нақты көрсету мақсаты көздеуімен түсіндіреміз.

Оронимдердегі түсті білдіретін атаулар көп жағдайда тау жыныстарының түсімен тікелей байланысты болып келеді, мәселен: «қоңыр» термині жайылымдық жерлердің сипатын анықтауда маңызы зор. Ол ландшафтық термин ретінде жер аттарының құрамында жергілікті жердің табиғат ерекшелігінен хабар береді. Яғни «қоңыр» термині қолайлы жайылымдық жерлер туралы мәлімет береді (*Қоңырат, Қоңырсу, Жетіқоңыр, Қоңырадыр*).

Мал шаруашылығын жүргізу тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жергілікті табиғат ерекшеліктерін ескеру, ортаға бейімделу тұрғысы, географиялық жағдайлар, табиғатты тиімді пайдалану жүйесі, мал шаруашылығының көшпенді сипаты, маусымдық көші-қон жергілікті топонимдерден маңызды орынды алады. Жаз кезегіндегі жайылымдық терминдерге *шұбар, көкорай, саз, жон, боз, теріскей, жазық* тіркестері берілген. Осыған орай Ақтоғай ауданы жерінде *Шұбарөзек, Шұбар, Шұбартау, Ақжарық, Жырық, Жарық, Саз, Майтас, Қойтас, Айыртас, Ақсай, Бозащы* елді мекендерімен жекелеген табиғи-географиялық нысаналардың аталуы да осы тарихи-табиғи факторларға байланысты қалыптасқан болу керек.

Қазақстандағы ірі нысаналық топонимдердің ішінде енді бір көп кездесетін атаулардың қатарына жануарларға байланысты топонимдерді жатқызады. Олардың ішінде жабайы жануарлар да, қолда өсетін үй жануарлары да енеді. Орталық Қазақстан топонимдерінде жануарларға байланысты атаулардың көп кездесуі кездейсоқ нәрсе емес, өйткені осы өңірді мекендеген ерте замандағы адамдардың жануарлардың етімен және жануар өнім түрлерімен күн көрудің көзі болатындығын дәлелдейтін құралы ретіндегі құбылыс — халқымыздағы аңшылық шеберлік. Қазақстанда қазақтардың тұрмыс-тіршілігінде аңшылық шеберлікке мамандану ұзақ уақыт бойы сақталды және атадан балаға берілетін кәсіптің негізгі түрлерінің бірі болып қалыптасты. Аңшылық кейін күн көрудің негізгі түрі болмай, салт-дәстүріміздің басты өзегіне де айналып кетті. Рас, Қазан төңкерісіне дейін тек аңшылықпен күн көретін жекелеген адамдар да болғаны белгілі [3].

Жануарларға байланысты қойылған атаулардың ішінде жабайы жануарларға байланысты қойылған ірі нысаналық топонимдерден мынадай атауларды кездестіруге болады: *Арқарлы* (тау жүйесі, Ақтоғай ауданында), *Балықтыкөл* (елді мекен, Нұра ауданында), *Жыланды* (тау, Ақтоғай ауданында), *Киікті* (станса, Шет ауданында), *Қарсақбай* (жұмысшы елді мекені, Ұлытау ауданында), *Семізбұғы*

(жұмысшы елді мекені, Бұқаржырау ауданында). Бұл атаулардың ішінде бөріге (қасқырға), жыланға байланысты атаулар сол жерде осы хайуандардың көптігін білдіріп, олардың сақтандыру мақсатында қойылған. Рас, ол жерлерде қазір кейбір жануарлардың болмауы мүмкін, бірақ бір кезде олардың болғандығын осы топонимдер арқылы білеміз. Сол сияқты кейбір нысаналардың атауларында кездесетін «сона» деген атау да сол жерде сонаның көптігін, онда мал жаюға біршама тиімсіз екендігін білдіреді.

Егеменді елімізде ата-бабаларымыз мекендеген жерлердің тарихи жер-су аттары, қала, кент атаулары бұрынғы атауларына қайтадан оралуда, мысалы: *Бұқаржырау ауданы, Абай ауданы, Қазыбек би ауданы, Ә.Бөкейхан ауылы, Жидебай ауылы, Қарамеде ауылы, Сәтпаев қаласы* және т.б. Сондықтан осы жылдар аралығында мемлекет тарапынан қолдау көрсету нәтижесінде көптеген елді мекендерге өздерінің тарихи атаулары қайтарылды және кейбір елді мекендерге әр кезеңдердегі қоғам қайраткерлерінің есімдері берілді.

Су қорының тапшылығы қазақ халқында суға қатысты терминологияның күшті жіктелуіне себепші болды. Құрғақ климат жағдайында тіршілік ететін басқа халықтарда да осы ерекшеліктер байқалады. Су тапшылығы байқалатын Орталық Қазақстанның шөлейт және шөлді аймақтарындағы географиялық атаулардың құрамында «бұлақ», «көл», «құдық» терминдерінің жиі кездесетіні байқалады [4].

Аймақтың жер, су, елді мекен атауларында араб-парсы, монғол, түрік, орыс тілдерінен енген сөздер мен қазақтың байырғы ру тайпаларының және адам есімдері жиі кездеседі. Көпшілік атаулар жер, судың өзіндік ерекшелігіне, су көздерінің басты сипаты, табиғатының сұлулығы, суының сапасы, тереңдігі, көлемі және т.б. берілген.

Орталық Қазақстан топонимдерінің жалпы санында 16 %-дан астам терминдер су көздерімен байланысты атаулар алады. Құрамы бойынша мұндай терминдерді былайша жіктеуге болады: 1) көлдер және сорлар; 2) өзендер; 3) бұлақтар; 4) құдықтар.

Қазақ халқының табиғатты пайдалану ерекшеліктері дала, шөлейт аймақтардағы көлдердің тұздылық дәрежесін анықтайтын атауларда бейнеленген. Мұны аймақтық көл атаулары терминдерінен анық көреміз. Мысалы, аймақтағы «ащы», «саумал», «тұз», «сор» терминдерімен байланысты көптеген атаулардың кездесуі *Ащысу, Сөрті, Тұздықөл, Қарасор, Саумалкөл* терминдері көлдердің тұздылық дәрежесін сипаттайтын атауларға берілген. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы еліміздің бірқатар өңірінде кездесетін «қусак» сөзі мағынасы кейбір зерттеулерге қарағанда құрғаған («қу») және «саға» дегенді білдіреді.

Қазақ гидронимдерінде судың түсіндегі ерекшеліктері де бейнеленеді. Орталық Қазақстандағы ұсақ шоқылы жер бедері жазығында тау жыныстарының суда еруіне байланысты көл суларының түстері де айрықша болады. Осы өңірде *Сарыала* көлінің суы жасыл-сары болып келсе, *Күреңдала* көлі қоңырқай түсті болып келеді. Жер асты суларын пайдалануда неғұрлым кең тараған термин «құдық». Қарағанды облысында мұндай есімдердің жүзден астам түрі бар, мәселен: *Тоғызқұдық, Майқұдық, Қамысқұдық, Қарағанқұдық, Жиделіқұдық, Талдықұдық, Тасқұдық* және оған өсімдіктер мен сан есімдер жұрнағын жалғастырған.

Бұлақпен байланысты терминдер облыс территориясында де көптеп кездеседі, яғни, *Қылышбұлақ, Балықтыбұлақ, Майбұлақ, Милыбұлақ, Қайнарбұлақ, Саумалбұлақ, Талдыбұлақ, Ұзынбұлақ, Тасбұлақ, Айнабұлақ*. Мәселен, *Қайнарбұлақ* атауын жер асты қысымымен көтерілсе, былай қарағанда бұрқылдап қайнап жатқан суға ұқсауына байланысты атаған болса керек. Дала және шөлейт белдемдердегі өзендер көктемде күшті қарқынмен тасып, жылдың басқа мерзімінде суы тапшы болады. Сондықтан Ақтоғай өңіріндегі *Тоқырауын, Еспе* өзендерінің атаулары да осындай мағынаны білдірсе керек па деп ойлаймыз. Бірқатар гидронимдердің қалыптасу тарихына тоқталсақ, мәселен, осы өңірлердегі:

Айнабұлақ — Шет ауданында орналасқан көл аты. *Айна* және *бұлақ* сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Атаудың мағынасы «бұлақтың, көлдің айнадай мөлдір, таза, жарқырап жатуын» мегзейді.

Басүйген — Жаңаарқа ауданының территориясында, Сарысу өзенінің оңтүстік жағалауында орналасқан көл. *Бас* және *үйген* сөздерінен жасалған атау, яғни, көл жағасында бір кезеңдерде өлген мал басының үйіліп қалауымен аталса керек.

Тақыркөл — Жаңаарқа ауданында. *Тақыр* және *көл* сөз тіркестерінен жасалған күрделі сөз. «Айналасында ешқандай өсімдік өспейтін тақыр көл», «жалаңаш» деген мәндегі атаудан туындаған.

Үлкен құмкөл — Ұлытау ауданында, *Үлкен, құм, көл* сөздерінің бірігуінен қалыптасқан. Көл маңайының үлкен және құмды болып келуін мегзейтін атау.

Көктінкөл — Шет ауданының оңтүстік батысындағы көл. Ел аузындағы аңыз бойынша, «жайдың оңынан» (метеориттен) пайда болған көл. Ондай аңыздың тууына көлдің өзінің өзгеден ерекше дөңгелекті және түбінің тереңдігі түрткі болғандай. Кей әдебиеттерде «Көктен көл» түрінде кездеседі.

Ақтабан — Ұлытау ауданындағы құдық. Мағынасы құдық, түбі құм топырағының не тасының ақ, тазалығымен байланысты қойылған атау.

Данблан — Ақтоғай ауданындағы құрғақ өзен. Бұл атау иран тіліне тән. Иранның *Данг* және *Баланги* сөздері арқылы жасалған. Тіліміздің дыбыстың заңдылығына сай *Данблан* деп өзгерген. Демек, Дан иран тілінде *танг* — «каньон» *шатқал* дегенді білдірсе керек. *Данги* — «таудың тар қысылшаң жері», «асу», «бел», «тау аңғары», *блан* — иран тілінде *бланди* — «жота, дөң, биік» дегенді білдірсе, салыстырмалы тәжік тілінде *санги баланд* — «тау жотасы, тас шоқы» дегенді мегзейді [5].

Қазақстанның географиясын оқытуда Қазақстан жеріндегі елді мекендердің географиялық атауларының шығу тегіне сипаттама бере аламыз. Әрбір экономикалық ауданның табиғат жағдайына және шаруашылығының орналасу, даму географиясына сипаттама бергенде де біршама топонимикалық білім жүйесін сабақ барысында қамтып кетеміз. Қазақстан жеріндегі елді мекендердің аттары белгілі бір тарихи оқиғаларға байланысты, осы жерде өсетін өсімдіктердің немесе мекендейтін жануарлардың атына байланысты, сондай-ақ географиялық объектілердің түр-түсіне, адам аттарына және басқа тілден енген топонимдерге байланысты топталынып, сипатталынады.

Сондықтан осындай жергілікті өлкетану жұмыстарын топонимикалық білім жүйесімен байланыстырудың үлкен ғылыми-әдістемелік маңызы бар. Өлкетану жұмыстарында маңызды орынды топонимика иеленеді. Болашақ география мұғаліміне өлкетану жұмыстарын жүргізуде топонимикалық білім жүйесі екі мақсатта керек, ол, біріншіден, географиялық атауларға талдау жасау, сол жерде өткен тарихи кезеңдерде қалыптасқан халықтың шаруашылық-әлеуметтік даму ерекшеліктерін сипаттауда керек болса, екіншіден, сабақта географиялық нысананың себеп-салдар байланыстарын терең түсіну үшін, оқушыларды жергілікті жердің өткен кезеңдердегі тарихи атаулары мен қазіргі аталуы зор қызығушылық тудырады. Сондықтан географиялық атауларды пайдалануда танымдық және педагогикалық аспектілер ерекшеленеді. Географиялық білім көзі осы топонимикалық түсініктерге негізделініп, топонимикалық принцип негізінде құрылуға тиісті. Сондықтан Орталық Қазақстан аймағы топонимикасын оқып-зерттей отыра, мынадай қорытындыға келдік. Қандайда бір өңірдің, аймақтың, елдің топонимикасын оқып-зерттеу аймақтың табиғат ерекшеліктері, халықтың мәдени-тұрмыстық іс-әрекеті, қоғамдық өмірі адамдардың табиғи ортамен іс-әрекетінің салдарынан тілдің дамуы арқылы тарихи мәліметтермен байланыстылығын ашып көрсетуінен деп есептейміз. Аймақтың топонимиясының қалыптасуында халықтық географиялық терминдердің орны басым, алайда аймақтың жер, су, елді мекен атауларында араб-парсы, монғол, түрік, орыс тілдерінен енген сөздер әліде болса кездеседі. Сондықтан сабақ үрдістерінде жергілікті топонимикалық білімді орнықтырғанда оның тарихи әлеуметтік жағдайларымен қалыптасқанын түсіндіру керек. Ол жерлердің балама ұлттық атауларын да оқушылар санасына кіргізе отырып, жергілікті топонимикалық білім жүйесін дамыту барысында оқушыларды сабақ үрдісінде елжандылық сезімге тәрбиелеп және география пәніне деген қызығушылығын арттыруда үлкен маңызы бар деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Мурзаев Э.М.* География в названиях. — М.: Наука, 1979. — С. 25–28.
- 2 *Нұрмағанбетұлы Ә.* Жер-су аты — тарихтың хаты. — Алматы: Балауса, 1994. — 36–38-б.
- 3 *Әбдірахманов А.* Қазақстан жер-су аттары. — Алматы: Ғылым, 1999. — 26-б.
- 4 *Жанұзақов Т.* Орталық Қазақстанның жер-су аттары. — Алматы: Ғылым, 1989. — 56-б.
- 5 *Бейсенова Ә., Карпеков Қ.* Қазақстанның физикалық географиясы: жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арнал. оқулық. — Алматы: Атамұра, 2004. — 256-б.

С.М.Досмахов

Причины и значение исторического происхождения географических названий в связи с природой и социальным положением Центрального Казахстана

В статье при помощи данных народных терминологических словарей исследуется топонимическая история Центрального Казахстана. Название региона рассматривается с точки зрения географии. В формировании топонимов очень важную роль играют народные географические термины. Автором был проведен анализ с точки зрения исторической географии в связи с природой и социальным положением Центрального Казахстана. В статье большое внимание уделяется происхождению исторических факторов в формировании топонимики Центрального Казахстана.

S.M.Dosmakhov

The reasons and meaning of historical origin of geographical names in connection with the nature and social status of the Central Kazakhstan

In this article by means of national nomenclative dictionaries considered the toponymic history of the Central Kazakhstan. The name of a region considered from the point of view of geography. In formation of toponyms the most important and key role have national geographical terms. In article it has been lead the analysis from the point of view of historical geography in connection with the nature and a social status of the Central Kazakhstan. The great importance is given to an origin of historical factors in formation of toponymics of the Central Kazakhstan.

ӘОЖ 338.482.2(574.3)

Д.А.Кәдірбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Орталық Қазақстанда туризмді дамытудың алғышарттары

Орталық Қазақстан — мыңдаған жылдар бойы жүрген тарихи оқиғалардың жері. Сарыарқа даласы ертеде Ұлы Жібек жолының сауда және мәдени ортасының бірі болғанын қазіргі уақыттағы археологиялық қазбалар дәлелдеп отыр. Оған Сарыарқа даласынан табылған үнді-қытай, ортаазиялық заттар дәлел болып отыр. Сарыарқа даласындағы сұлу Қарқаралы, Кент, Қызыларай таулары мен Теңіз, Есіл өзендері, Бетпақдала мен қасиетті Ұлытау жері Сарыарқа даласы деп аталады.

Кілтті сөздер: туризм, масштаб, халық, әлеуметтік сипаты, қоғам, экономика, жиһангерлік, саяхатшылық, мемлекет, даму, тәртіп.

Туризм өзінің масштабтарымен, көпшілігімен, халықаралық және әлеуметтік сипатымен қоғам өмірінің әлеуметтік және экономикалық жағдайларына әсер етеді, ол ғылымның зор көңілін аударып, маңызды қоғамдық-экономикалық құбылысқа айналып, тереңдеп бара жатыр. Туристтік демалысты қайда және қалай ұйымдастыру, саяхаттарға көңілді қалай аударту, туризмде қызықты және пайдалы не бар, ол құбылыс қай экономикалық, әлеуметтік және табиғи себептерге байланысты, адам мінез-құлқының қай мотивтері адамдарға бос уақытын өткізудің осы формасын таңдатады.

Туризмнің шаруашылық саласы ретінде дамуы мемлекеттердің тұрақты даму стратегиясымен тығыз ұласады. Әлеуметтік-экономикалық дамудың каталитаторы болып табылатын бұл күрделі құрылымды сала табиғаттағы экономикалық мақсатта тиімді пайдаланудың негізінде адамдар өмірінің жоғары деңгейін қамтамасыз ете алады. Қазіргі уақытта туризмде ғаламдандыру үрдісі жүріп жатыр, оған Қазақстан да еніп отыр.

Туризмді әр түрлі белгілеріне қарай классификациялауға болады: мақсатына қарай, саяхаттың мерзімі мен ұзақтығына қарай қозғалу түріне, орналасу жолына, саяхатқа қатысушылардың құрамының сапасына және т.б. Бірақ шешуші рөлді атқаратын саяхаттың мақсаты.